АЭА АҚТӨБЕ
арнайы экономикалық аймақ

«Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы
Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 30

Joint stock company «management company of the special economic zone «aktobe»
Aktobe city, Aliya Moldagulova avenue, 30

БҰЙРЫҚ № 12 «23» қаңтар 2026

«Бір көзден тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сатып алу туралы»

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 - тармағы, 28) тармақшасына және инвестицияларды тарту департаментінің директоры А.Шайхының бір көзден келісім шарт жобасын жіберу туралы қызметтік хатының негіздемесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін Бизнес кездесу. Арнайы экономикалық аймақ – бизнесті дамыту құралы» іс-шарасын өткізу мақсатында (бұдан әрі – Қызметтер) бір көзден, тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алуды енгізу.

2. Қызметтерді сатып алуға жасақталатын мемлекеттік сатып алу келісім шартын, қоса берілген техникалық сипаттамада көзделген талаптар негізінде «AKZHAN» ЖR -мен (ЖСН-840110302633) қосымша құн салығын есептемегенде сомасы 480 000 *(төрт жүз сексен мың)* теңгеге шарт жасау.

3. М.К.Избанов мемлкеттік сатып алу веб-порталы арқылы осы сатып алуға қатысуға аталған өнім берушіге шақырту әзірлеп, келісім шарт жобасын жөнелтсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма төрағасының м.а. **М.Айтимбетов**

АЭА АҚТӨБЕ
арнайы экономикалық аймақ

«Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы
Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 30

Joint stock company «management company of the special economic zone «aktobe»
Aktobe city, Aliya Moldagulova avenue, 30

В Присвоить

«Ақтөбе» АЭА БК» АҚ
Басқарма Төрағасының м.а.
М.С. Айтимбетовке

Қызметтік жазба

Инвестицияларды тарту департаменті Ақтөбе облысының әкімі А. Шахаровтың өңірге инвестиция тарту бойынша тапсырмасын орындау және «Ақтөбе» Арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ-ның танымдылық арттыру мақсатында 2026 жылғы 27 қаңтарда **«Инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін Бизнес кездесу. Арнайы экономикалық аймақ - бизнесті дамыту құралы»** іс-шарасын ұйымдастыруды жоспарлауда. Іс-шара аясында «Ақтөбе» Арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ-ның *(бұдан әрі – Басқарушы компания)* қызметі мен жоспарлары, сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақтың артықшылықтары мен преференциялары, кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік бағдарламалары туралы түсіндірме баяндама өткізіледі. Өңірдің 100-ге жуық әлеуетті кәсіпкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік органдардың қатысуы күтілуде.

«Инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін Бизнес кездесу. Арнайы экономикалық аймақ - бизнесті дамыту құралы» іс-шарасын өткізу өңірдің инвестициялық-экономикалық әлеуетіне, жаңа жұмыс орындарын құру мен өңірге инвестиция тартуға оң әсер етеді.

Басқарушы компанияның конференц залының сыйымдылығы 100 қонақты қарсы алуға қарастырылмағандығын және іс-шарадан кейін кәсіпкерлердің толық ақпарат алу үшін Инвестицияларды тарту департаментіне жолығуын ескере отырып, Ақтөбе қаласы, Маметова 4/2 көшесі, «Шабыт» БЦ-ның 1 қабатындағы конференц залды жалдау мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз.

Кофе-брейк ұсынумен конференц залды жалдау бойынша коммерциялық 3 ұсыныс алынды. Конференц залды 2 сағат жалдау қажет етіледі. Ең төменгі баға ұсынған – «AKZHAN» ЖК. Жалпы жалдау ақысы 480 000 теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабының 5) тармағы және 3) тармағының 28) тармақшалары негізінде және жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, Сізден «Конференц залды жалдау» қызметін бір көзден алу жолымен «AKZHAN» ЖК-мен тікелей келісімшарт

жасасуды келісуді және жауапты қызметкерлерге заңнама аясында бекітілген сатып алу үрдісін жүргізуді сұраймын.

Қосымша:
1. Коммерциялық ұсыныс – 1 бетте;
2.Техникалық сипаттама – 2 бетте.

Инвестицияларды тарту
департаментінің директоры **А. Шайхы**